



Бекітемін  
Зерттеу жұмыстар жөніндегі проректор



Жусупов Б.С

06 2018 ж.

**2018– 2019 ОҚУ ЖЫЛЫ  
6D110200 – ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы 2018 ж.



Бағдарлама биостатистика және ғылыми зерттеу негіздері кафедрасының мәжілісінде бекітілген.

№ 11 хаттама, « 24 » 05 2018 ж.

Кафедра меңгерушісінің м.а.,

ф.-м.ғ.к., доцент  Аймаханова А.ІІІ.

Бағдарлама Х.Досмухамедов атындағы Қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің білім бағдарламалары комитетінің мәжілісінде бекітіліген.

№ 9<sup>б</sup> хаттама, « 29 » 05 2018 ж.

ББК төрайымы  Рамазанова М.А.

Бағдарлама ҚазҰМУ Академиялық Кеңесінің мәжілісінде бекітілген.

№ 6 хаттама, « 14 » 06 2018 ж.

ҚазҰМУ Академиялық Кеңесінің Төрайымы  Байльдинова К.Ж.



## Кіріспе

Медицина ғылымының және практикалық денсаулық сақтаудың басым бағыттарын дамыту жоғары ғылыми деңгейде ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудың кепілі болып табылатын жоғары білікті ғылыми кадрларды қажет етеді. Білім беру және ғылыми ізденіс үрдістеріне тәжірибедегі озық мамандар, ғылыми қызметкерлер қатысады, ол клиникалық зерттеулерді нығайта түсуге мүмкіндік туғызады

Ғылыми біліктіліктің жоғары деңгейіндегі озық мамандар арқасында оқу орындарында дәрігерлерді оқытудың ғылыми- әдістемелік деңгейі сақталып, білім беру қызметтері нарығында, оның ішінде халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасында отандық денсаулық сақтауға әлемдік озық стандарттары мен концепцияларының трансферті негізінде әдіснамалық көзқарастарды жаңғырту мен медициналық ғылым мен ғылыми-медициналық кадрларды даярлауды жетілдіруге көп көңіл бөлінді. Негізгі мәселе кадрлармен қамтамасыз ету және сонымен қатар сапалы кадрларды дайындау. Осы мақсатта 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» тобының медициналық мамандықтары бойынша кадрларды даярлау арқылы жаңа ғылыми білімнің дамуына, бірегей зерттеулер жүргізілуіне және ғылыми қызметтің шекараларының кеңейюіне көп көңіл бөлінуде. Бүгінгі таңда докторантурада оқу үрдісінің дамуы мен жетілдірілуі жүріп жатыр, және осы тұрғыда үміткерлердің дайындық деңгейі негізгі аспектілердің бірі болып табылады. Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру адам ресурстарының әлеуетін нығайту арқылы Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға бағытталған денсаулық сақтау қозғалысының басты аспектісі болып табылады.

### **Қабылдау емтиханының мақсаттары:**

Емтихан тапсырушылардың дәлелді медицина, биостатистика, медицинадағы ғылыми зерттеулер, ғылыми- дәлелді негізде денсаулық сақтау жүйелерін ұйымдастыру және бақылау бойынша білімдерін анықтау.

Магистратураға тапсыру емтиханының бағдарламасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС – 2015, ҚР ДСМ) негізінде, денсаулық сақтау жүйесінің кадрлық қорының кәсіби үздіксіз білім алу жүйесіне негізделіп, білім алушылардың дайындық деңгейін ескере отырып құрастырылған және төмендегідей міндеті бар: үміткерлердің ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын, дәлелдемеге негізделген ғылыми ақпарат негізіндегі заманауи тәсілдер мен талаптар бойынша білім деңгейін анықтау.



### Қабылдау емтиханының міндеттері:

- Ғылыми зерттеулер әдістемесі негіздері саласындағы білім деңгейін және дайындығын анықтау;
- Биостатистика саласындағы білім деңгейін және дайындығын анықтау;
- Педагогика саласында білім деңгейін және дайындығын анықтау.

Емтихан екі кезеңмен жүргізіледі: 1) пәндер бойынша тестілеу: биостатистика, ғылыми зерттеулер әдістемесінің негіздері, педагогика; 2) докторантураға үміткердің жоспарланған диссертациялық зерттеуінің аннотациясын ұсыну (қосымшалар 1, 2).

### Биостатистика

Биостатистикаға кіріспе. Ықтималдықтар теориясының негізгі түсініктері. Жиынтық параметрлерін бағалау. Статистикалық жорамалдарды тексеру негіздері. Сандық және сапалық көрсеткіштердің өзара байланысын зерттеу. Дисперсиялық талдау негіздері. Параметрлік және параметрлік емес критерийлер. Стандарттау әдісі, оның мәні мен қолданлуы. Корреляциялық талдау. Статистикалық зерттеудегі графикалық әдістер. Статистикалық материалдарды талдауда компьютерлік технологияларды қолдану. Медициналық-биологиялық экспериментте өлшемдер шкаласын пайдалану. Жиынтықтық бағалау. Кешенді бағалау. Мақалалар мен диссертациялық зерттеулерде статистикалық әдістерін қолдануға талдау жасау. Халық денсаулығы статистикасы. Денсаулық сақтау жүйесінің статистикасы. Медициналық-биологиялық зерттеулер статистикасы.

### Ғылыми зерттеулер әдістемесінің негіздері

Ғылыми зерттеулер саласындағы ұлттық және халықаралық құқық негіздері: QPBR, GLP, GCLP және т.б. Медицинадағы ғылыми зерттеулер. Қаржыландыру көздері бойынша ғылыми және зерттеу бағдарламалары. Гранттарды табу және тарту. Ғылыми жобалар мен гранттық өтінімдерді жазу. Зерттеулер әдіснамасы. Сипаттаушы және аналитикалық зерттеулер. Жүйелік шолу. Мета-анализ. Ақпаратты жинау. Деректерді өңдеу. Зерттеулер талдауы және қорытындылар мен ұсыныстар. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының (ҒЗЖ) нәтижелерін енгізу, зияткерлік құқықты қорғау (патенттеу). Ғылыми-зерттеу жұмыстарын рәсімдеудің жалпы талаптары мен ережелері. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын рецензиялау. Ғылыми деректерді басылымға шығаруға дайындау. Рецензияланатын басылымдарда жариялану, мақалаларды жазудың жалпы ережелері. Әдістемелік сапаны бағалау, ғылыми зерттеулердегі қателердің негізгі түрлері. Зерттеу нәтижелерін денсаулық сақтау тәжірибесі мен саясатына енгізудің тәжірибелік механизмдері.



## Педагогика

Педагогиканың зерттеу нысаны мен пәні. Педагогиканың міндеттері. Педагогика ғылымының жүйесі. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Педагогиканың негізгі категориялары. Заманауи Қазақстандағы білім беру жағдайы мен проблемалары. Білім беру сапасының көрсеткіштері. Білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкес реформалау. Білім берудің халықаралық өлшемдері. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстандағы қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу тәжірибесі. Тұлғаны дамыту туралы жалпы теориялар. Тұлғаны дамытудың жас ерекшелік теориялары. Тұлғаны дамыту және оның факторлары. Қоғамдық тәрбие беру мәселелері, әлеуметтік ортаның тұлғаны қалыптастыруға әсері туралы заңдылықтар. Қоғамдық тәрбиені іс жүзінде ұйымдастыру. Әлеуметтік педагогика. Отбасылық тәрбие мәселелері, отбасылық дағдарыс. Отбасындағы ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынастың типтік үлгілері.

### **6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығына арналған емтихан сұрақтарының тізімі**

#### **Биостатистика пәні бойынша:**

1. Статистика пәні және әдісі. Статистика ілімінің негізгі ұғымдары.
2. Биологиялық статистика пәні, мақсаты және міндеттері.
3. Статистикалық деректердің түрлері: үздіксіз, дискретті, номиналды, реттік.
4. Өлшеу шкалаларының түрлері. Тәуелді және тәуелсіз деректер.
5. Бас жиынтық және таңдама. Таңдама тәсіл. Таңдаманың репрезентативтілігі.
6. Варианта, жиілік, таңдама көлемі ұғымдары.
7. Вариациялық қатардың орталық тенденция көрсеткіштері: мода, орта мән және медиана.
8. Вариациялық қатардың әртүрлілік көрсеткіштері: дисперсия, стандарттық ауытқу.
9. Вариациялық қатардың әртүрлілік көрсеткіштері: бірінші және үшінші квартильдер, квартильаралық интервал, вариация коэффициенті.
10. Ортаның стандарттық қатесі. Популяцияның орта мәні үшін сенім аралығы.
11. Қалыпты таралу ұғымы. Қалыпты таралуды сипаттайтын параметрлер. Гаусс қисығы.
12. Таңдамадағы үлестің таңдама таралуы. Үлестің стандарттық қатесі. Популяциялық үлес үшін сенім аралығы.
13. Таралу түрін бағалау: дискретті және үздіксіз деректерді графиктік түрде кескіндеу.
14. Статистикалық жорамалдарды ұйғару. Жорамалдар түрлері.



15. Статистикалық критерий және критерий статистикасы ұғымы. Бірінші және екінші текті қателер.
16. Параметрлік және параметрлік емес статистикалық критерийлер.
17. Критерийдің мәнділік деңгейі, қуаттылығы ұғымдары, олардың сандық мәндері.
18. Сыни аймақ, жорамалды қабылдау аймағы, критерийдің сыни нүктелері ұғымдары.
19. Екі тәуелді топтар үшін сандық деректерді талдау. Стьюденттің жұптасқан t- критерийі: анықтамасы, қолданылу шарты. Жұптасқан t статистикасын есептеу және түсіндіру. p мәні (p-value). Сенім аралығы әдісі.
20. Екі тәуелсіз топтар үшін сандық деректерді талдау. Стьюденттің жұптаспаған t- критерийі: анықтамасы, қолданылу шарты. Жұптаспаған t статистикасын есептеу және түсіндіру. p мәні (p-value).
21. Стьюденттің жұптаспаған критерийінің параметрлік емес аналогы: Манн-Уитни критерийі. Критерийдің қолданылу шарты. Вариациялық қатарды ранжирлеу: анықтамасы, ранжирлеу ережесі. Рангтердің жалпы қосындысын есептеу.
22. Стьюденттің жұптасқан t- критерийінің параметрлік емес аналогы: Уилкоксон критерийі. Жұптасқан айырмаларды ранжирлеу. Критерийдің қолданылу шарты.
23. Тәуелсіз екіден көп топтар үшін сандық деректерді талдау: бірфакторлы дисперсиялық талдау. Қолданылу шарттары. Фактор, фактор деңгейі, факторға жауап ұғымдары.
24. Топішілік және топаралық дисперсиялар ұғымы. Фишер критерийі.
25. Сапалы деректерді талдау: екі тәуелсіз популяцияның үлестерін (пропорцияларын) салыстыру. Z тест. Популяция пропорцияларының айырымының 95% сенім аралығы және оны түсіндіру. Сапалы деректерді талдау: Пирсонның Хи- квадрат критерийі. Фишердің дәл критерийі.
26. Ассоциацияларөлшемі: Салыстырмалы қауіп-қатерді (RR) есептеу және оны түсіндіру. RR үшін 95% сенім аралығы және оның түсіндірілуі. Қауіп-қатерлер айырмасы (RD). Қауіп-қатер айырмасын есептеу және түсіндіру. RD үшін 95% сенім аралығы. Шанстар қатынасын (OR) есептеу және түсіндіру. OR үшін 95% сенім аралығы және оның түсіндірілуі. Араласушы факторлар және әсер модификаторы. Стратифицирленген талдау.
27. Сызықтық корреляция. Пирсонның таңдама корреляция коэффициенті және оның қасиеттері. Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті. Корреляциялық тәуелділіктің тығыздығы мен сипатын анықтау Корреляция коэффициентінің мәнділігі жөніндегі жорамалды тексеру.
28. Сызықты регрессия. Сызықты регрессия параметрлерін ең кіші квадраттар әдісі бойынша бағалау. Тура және кері регрессия ұғымы. Регрессия коэффициентінің мәні. Түзу сызықты регрессияның таңдама теңдеуі.



29. Цензурирленген деректер. Оқиға және өмір уақыты. Каплан-Мейердің мезеттік әдісі. Өміршеңдік функциясы, оның қасиеттері. Өміршеңдік қисығы. Популяциядағы өміршеңдікті бағалау. Өміршеңдік медианасы.
30. Стандарттау әдісі. Стандартталған коэффициенттер. Стандарттаудың тура әдісі.
31. Динамикалық қатарлар және динамикалық қатарлардың негізгі көрсеткіштері. Мезеттік динамикалық қатар. Аралық динамикалық қатар. Динамикалық қатарды түзеу әдістері.
32. Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесінің көрсеткіштері. Жүйе мен кадрлар көрсеткіштері.
33. Амбулаториялық- поликлиникалық ұйымдардың көрсеткіштері. Стационар қызметінің көрсеткіштері. Денсаулық сақтаудың әртүрлі қызметтеріндегі көрсеткіштер.

**«Ғылыми зерттеулер әдістемесінің негіздері» пәні бойынша:**

1. Ғылымның анықтамасы. Ғылымның дамуының негізгі кезеңдері. Ғылымның функциялары. Ғылымның жіктелуі (классификациясы), ғылым салалары.
2. Ғылыми білімнің құрылымы.
3. Ғылыми зерттеулердің ережелері мен қағидаларын реттеуші халықаралық және ұлттық стандарттар және басқа да нормативті-құқықтық актілер.
4. Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерді этикалық реттеу тәртібі мен қағидалары.
5. Ғылыми зерттеу және оның әдістемесі. Ғылыми зерттеу жобасының элементтері. Ғылыми зерттеудің жіктелуі мен кезеңдері.
6. Ғылыми зерттеудің тақырыбы, мақсаты мен міндеттері. Ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін тиянақтау қағидалары мен ережелері.
7. Ғылыми зерттеудің өзектілігі мен ғылыми жаңалылығы.
8. Зерттеудің теориялық және тәжірибелік әдістері.
9. Қолданбалы зерттеулердің мәні
10. Ғылыми зерттеулердің әдістемелік сапасын бағалау.
11. Ғылыми зерттеулердегі қателердің негізгі түрлері.
12. Ақпаратты жинау.
13. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын рецензиялау және сараптау.
14. Ғылыми зерттеудің дизайны, анықтамасы, өңдеу ережелері мен қағидалары. Ғылыми зерттеу дизайнының құрамдас бөліктері.
15. Ғылыми зерттеудің элементтері: зерттеу бірлігі, пәні, объектісі, көлемі.
16. Ғылыми зерттеулер түрлері, әр түрінің қысқаша сипаттамасы.
17. Когортты зерттеу, дизайны, зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптар.



18. Жағдай-бақылау зерттеуі, дизайны, зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптар.
19. Рандомизирленген бақылаулы зерттеу, дизайны, зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптар.
20. Мета-талдау, дизайны, зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптар.
21. Жүйелік шолулар, дизайны, зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптар.
22. Ғылыми-зерттеу жұмысының тұжырымдамасын тиянақтау және қорытындысын рәсімдеу.
23. Патент, патенттік ақпарат: түрлері, аспектілері, құрамы. Патенттік ақпараттың артықшылықтары мен кемшіліктері.
24. Патенттік ізденіс, мақсаты, түрлері. Патенттік ізденіс кезеңдері және олардың тізбектелуі.
25. Медициналық-биологиялық эксперименттер, түсінігі. GCP стандартына кіретін талаптар. Адам қатысуымен жүргізілетін эксперименттер.
26. Ғылыми зерттеудің гипотезасы және оны негіздеу үрдісі
27. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын рецензиялау
28. Қаржыландыру көздері бойынша ғылыми және зерттеу бағдарламалары
29. Ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар және рәсімдеу ережелері
30. Зерттеу нәтижелерін денсаулық сақтау тәжірибесі мен саясатына енгізудің тәжірибелік тәсілдері
31. Ғылыми, оқу және анықтамалық-ақпараттық басылымдардың түрлері
32. Рецензияланатын журналдардағы мақалаларға қойылатын жалпы талаптар. Ғылыми ақпаратты жариялауға дайындау

**«Педагогика» пәні бойынша:**

1. Тәрбие әдістері туралы жалпы ұғым.
2. Тәрбие әдістерінің жіктемесі.
3. Тәрбие әдістеріне сипаттама.
4. Тәрбие құралдары туралы ұғым.
5. Тәрбие құралдарының жіктемесі.
6. Тәрбие құралдарының сипаттамасы.
7. Дидактика туралы жалпы ұғым.
8. Дидактиканың зерттеу пәні мен міндеттері.
9. Негізгі дидактикалық концепциялар.
10. Заманауи дидактикалық жүйенің қалыптасуы.
11. Оқыту үдерісі және оның мәні.
12. Оқыту үдерісі тұтас жүйе ретінде.
13. Оқыту үдерісінің циклділігі.
14. Оқытудың функциясы.





15. Оқыту мұғалімнің іс-әрекеті ретінде.
16. Оқу білім алушының танымдық іс-әрекеті ретінде.
17. Дамыта отыра оқыту.
18. Оқыту технологиялары.
19. Оқыту нәтижесін бақылау дидактикалық ұғым ретінде.
20. Бақылаудың әдістері мен формалары.
21. Оқушылардың білімін бағалау.
22. Оқушылардың үлгермеушілігі.
23. Оқыту нәтижесін диагностикалау.
24. Білім алушылардың жетістіктері мен дамуын сынау.
25. Білім беру туралы жалпы ұғым.
26. Білім беру мазмұнының дерек көздері мен факторлары.
27. Мемлекеттік білім беру стандарты.
28. Оқыту әдістері.
29. Оқыту әдістерінің жіктелуі.
30. Оқыту құралдары туралы жалпы ұғым.
31. Оқыту құралдарының жіктелуі, оларға сипаттама.
32. Оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары туралы жалпы ұғым және олардың жіктелуі.
33. Оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары және олардың дидактикадағы даму жолы.
34. Жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары.

**Ұсынылатын әдебиет:**

1. Раманқұлова А.А. Биологиялық статистика. Оқу құралы. Алматы: «Ақнұр», 2016.
2. Гланц С. Медико-биологическая статистика – М.:Практика,1999.
3. Васильева Л.А. Статистические методы в биологии, медицине и сельском хозяйстве: Учеб.пособие для вузов. - Новосибирск, Новосибирский Государственный университет, 2007. - 128 с
4. Медик В.А., Токмачев М.С., Фишман Б.Б. Статистика в медицине и биологии. М.: Медицина, 2000г.
5. Петри А. Сэбин К. Наглядная медицинская статистика. Перевод с английского под редакцией Леонова В.П. Учебное пособие для вузов. М.: «ГЭОТАР-Медиа», 2010г.
6. Применение методов статистического анализа для изучения общественного здоровья и здравоохранения. Под редакцией чл.-корр. РАМН, проф. Кучеренко В.З. Учебное пособие. М.: «ГЭОТАР-Медиа», 2011г.
7. Ланг Т.А., Сесик М. Как описывать статистику в медицине. Перевод с английского под редакцией В.П. Леонова. М.: Практическая медицина, 2011г.



8. Сергиенко В.И., Бондарева И.Б. Математическая статистика в клинических исследованиях. – 2-е изд.; -М. ГЕОТАР-Медиа, 2006г.
9. В.И.Зайцев, В.Г.Лифляндский, В.И.Маринкин. Прикладная медицинская статистика. Учебное пособие.- С-Петербург, Фолиант, 2006.
10. Жидкова О.И. Медицинская статистика (конспект лекций). – М. «Эксмо», 2007.
11. Лукьянова Е.А. Медицинская статистика. – М: Изд. РУДН, 2002.
12. Денисов И.Н., Кича Д.И., Чернов В.И. руководство к практическим занятиям по общественному здоровью и здравоохранению. Учебное пособие.- М.:МИА, 2009г.
13. Шапиро Л.А., Шилина Н.Г. Руководство к практическим занятиям по медицинской и биологической статистике. Учебное пособие для студентов медицинских вузов. – Красноярск, 2003г.
14. Савилов Е.Д., Астафьев В.А., Жданова С.Н., Заруднев Е.А. Эпидемиологический анализ: Методы статистической обработки материала. – Новосибирск: Наука-Центр, 2011. – 156 с.
15. <http://medstatistic.ru/>
16. Гржибовский А. М. Выбор статистического критерия для проверки гипотез / А. М. Гржибовский // Экология человека. - 2008. - № 11. - С. 48-57.
17. Кожухар В.М. Основы научных исследований. Учебное пособие Кожухар В.М. Дашков и К 2010 // ЭБС IPRbooks. – Режим доступа: <http://iprbookshop.ru/>
18. Болдин А.П. Основы научных исследований: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / А.П.Болдин, В.А.Максимов. - М.: Издательский центр «Академия», 2012. - 336 с.
19. Методология научных исследований: учебник для бакалавриата и магистратуры / Н. А. Горелов, Д. В. Круглов. - М.: Издательство Юрайт, 2015. - 290 с. - Серия: Бакалавр и магистр. Академический курс.
20. Шкляр, М.Ф. Основы научных исследований: учеб.пособие. - М.: Дашков и К\*, 2007. - 244 с.
21. Шкляр, М.Ф. Основы научных исследований: учеб.пособие. - М.: Дашков и К\*, 2008. - 244 с.
22. Шкляр, М.Ф. Основы научных исследований: учеб.пособие. - М.: Дашков и К\*, 2012. - 244 с.
23. Корякин, А.И. Основы научных исследований и творчества. [Электронный ресурс]: учебное пособие / А.И. Корякин, В.Г. Проноза; ФГБОУ ВПО «Кузбас. гос. техн. ун-т им. Т.Ф. Горбачева», Каф.открытых горн. работ. - Кемерово, 2012.
24. Р.Флетчер, С.Флетчер, Э.Вагнер «Клиническая эпидемиология. Основы доказательной медицины», М., 2001.
25. В.В.Власов «Эпидемиология», М., 2004.
26. Т.Гринхальх «Основы доказательной медицины», М., 2006.



27. Педагогика / Под ред. П.И.Пидкасистого – М., 2010, 325 с.
28. 100 экзаменационных ответов по педагогике – Ростов н/Д, 2010, 84с.
29. Коджаспирова Г.М. Педагогика М., 2014;
30. Слостенин В. и др. Педагогика - М., 2014.
31. Подласый П.И. Педагогика. Кн.1 –М.,2010,С. 511с.
32. Пуйман С.А. Педагогика. Основные положения курса.- Минск, 2009, 68с.
33. Лихачев Б. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие для студентов пед. учебн. заведений и слушателей ИПК и ФПК. - М.,2009
34. Антонов А.И., Борисов А.Л. Кризис семьи и пути его преодоления. – М., 2010
35. Мантейчик З. Родители и дети – М.,1992
36. Сухомлинский В.А. Родительская педагогика. М.- 1977
37. Сухомлинский В.А. Родительская педагогика. М.- 1977



Қосымша 1

Докторантураға үміткердің жоспарланған диссертациялық зерттеуінің  
аннотациясы

Үміткердің аты-жөні  
бД мамандығы бойынша \_\_\_\_\_ - «Мамандықтың аталуы»

Тақырыптың аталуы:

**Отандық ғылыми кеңесші:**  
Ғылыми дәрежесі, лауазымы, аты-жөні, қолы

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**  
Ғылыми дәрежесі, аты-жөні,

Алматы 2018 ж.



Тақырыптың өзектілігі

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеу әдістемесі (зерттеу дизайны, зерттеу әдісі, зерттеу нысандары, зерттеуге қатысушылардың шамаланған көлемі)

Ғылыми жаңалығы

Теориялық және тәжірибелік маңыздылығы

Күтілетін нәтижелер

Қолданылған әдебиеттер тізімі



Қосымша 2

Аннотацияны бағалау ережелері:

Аннотацияны бағалаудың ең жоғары баллы 100 балл.

Аннотацияның әрбір бөлігі баллдық жүйе бойынша жеке бағаланады, бағалаудың ең жоғары баллы 20 балл.

Чек-парақ

## ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ АННОТАЦИЯСЫН БАҒАЛАУ

(үміткердің аты-жөні)

Зерттеу тақырыбы \_\_\_\_\_

Таңдалған докторантура мамандығының аталуы

бД \_\_\_\_\_

Аннотация бөлімдері	Балл саны
1-Бөлім. Таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі	
2-Бөлім. Зерттеу мақсаты, міндеттері	
3-Бөлім. Зерттеу дизайнын бағалау	
4-Бөлім. Ғылыми жаңалығы, зерттеудің күтілетін нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы	
5-Бөлім. Ғылыми нәтижелердің жетістіктері	
<b>Баллдардың қосындысы</b>	

Түсініктемелер, комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері (болған жағдайда):

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Айы-күні \_\_\_\_\_